

№ 1 педагогикалық кеңес
Хаттамасы

Өткізілген күні: 28.08. 2024ж.

Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылдарына арналған балабақша жұмысының басым бағыттары»

Мақсаты: Жаңа оқу жылына арналған балабақша қызметінің жоспарын қабылдау.

Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде:

I Теориялық бөлім

1. Тамыз педагогикалық конференциясының ұсыныстары және нормативтік-құқықтық құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы, «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы: жаңартылған мазмұнын талдау.

Балабақша меңгерушісі м.а: Ж.Конакбаева
Педагог – модератор: Э.Жармабаева

2. 2024 жыл жазғы сауықтыру кезеңіндегі атқарылған жұмыстың нәтижесі, талдауы.

Жауапты: педагог Исакова Ш.Н

3. 2024-2025 оқу жылына балабақша жұмысының жылдық жоспарын, жылдық міндеттерін қарастыру.

Жауапты: балабақша меңгерушісі м.а: Ж.Конакбаева

4. 2024- 2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері, жаңа оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулықпен таныстыру, талқылау.

Жауапты: балабақша әдіскері: Ж.Конакбаева

5. 2024-2025 оқу жылына жас ерекшеліктері топтары бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, күн тәртібі, перспективтік жұмыс жоспарының, циклограмманың жаңа үлгісін қарастыру.

Жауапты: балабақша әдіскері Ж.Конакбаева

6. 2024-2025 оқу жылына балабақшаның аттестаттау комиссиясы құрамын қарастырып, бекіту.

Жауапты: балабақша иновация әдіскері Ж.Жанакулова

II. №1 педагогикалық кеңес шешімін қабылдау

Тыңдалды: Балабақша меңгеруші міндетін атқарушы Ж.Конакбаева ол өз сөзінде, педагогтерді жаңа оқу жылымен құттықтап, сәттілік тіледі. Осыдан кейін, Тамыз педагогикалық конференциясының ұсыныстары және нормативтік-құқықтық құжаттарға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы, «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы: жаңартылған мазмұнын талдауына қысқаша тоқталып өтті. «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасының мектепке дейінгі білім берудегі жаңартылған мазмұнын түсіндіруге педагог-модератор Э. Жармабаеваға беріп және ол педагогтің осы бағдарлама туралы семинарға қатысып, тәжірибесімен бөлісетінін айтты.

Тыңдалды: тәрбиеші Э.Жармабаева ол өз сөзінде «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасының мектепке дейінгі білім берудегі маңыздылығына тоқталды. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Ұлттық құндылықтар мен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ деді. Дәл осы өскелең ұрпағымыз ұлттың сапасын құрайды. Сондықтан да қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл кішкентай азаматтарды тәрбиелеу маңызды. Міне, сондықтан І педкеңес отырысында бір қата рнегізгі міндеттерге тоқталдым деді. «Ұлттық тәрбие – ел болашағы» тәрбиесінің тұжырымдамалық негіздері енгізуді жоспарладық. Жаңа оқу жылынан бастап 2024-2025 жылдарға арналған «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы іске асыруға атсалысуға шақырды. Бағдарламаның мектепке дейінгі ұйым түлегін ұлттық құндылыққа, Отан, ел, туған өлке туралы білу, Қазақстан мемлекеттік рәміздерін, мемлекеттік тілді білу, ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер, табиғатқа қамқорлық таныта білуге басымшылық жасалғанын айтты. Өзінің осы бағдарлама аясында қалай жұмыс жасауға болатын тәжірибесімен бөлісті.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша: 2024 жыл жазғы сауықтыру кезеңіндегі атқарылған жұмыстың нәтижесі бойынша «Ақбота» тобының тәрбиешісі Ш.Исакова былай деді. Жаз мезгілі – балаларды сауықтырып және физикалық дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйесі қолға алынатын маусымдық уақыт кезеңі. Жазғы кезеңде мектеп жасына дейінгі балалардың таза ауада болуы, уақытын тиімді пайдалануы – олардың денсаулығына оң ықпалын тигізе отырып, тұлғалық қабілетінің дамуына да әсер етеді деді. Яғни, бала тек қана ойынмен күнді жоспарламай, арнаулы шеберлігін шыңдауға бағытталған апталықтар мен сайыстарға қатыса отырып, өзінің жетістікке қабілеттілігін сезіну арқылы, белгілі деңгейде қалыптаса алады. Осы аталған іс-шараларда балалардың қалауын ескере отырып, жас ерекшеліктеріне сай түрлі байқаулар, жарыс сипатындағы ойын-сауықтарды өткізу жолға қойылған. Сөзімнің тұздығы ретінде, төрт аптаға жоспарлаған төрт түрлі апталықты атап өткім келеді, олар:

«Сәлем, жаз», «Жазғы қуаныш», «Денсаулық аптасы», «Жол жүрудегі сауаттылық» аптасы. Бұл аталмыш жоспардың өзіндік мәні мен маңызы

Жауаптылар: Ж.Конакбаева,
педагогтер
Мерзімі: қыркүйек

4. 2024-2025 жаңа оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулығы жұмыста назарға алынып қолданылсын.

Жауапты: Ж.Конакбаева,
педагогтер
Мерзімі: қыркүйек

5. 2024-2025 оқу жылына жас ерекшеліктері топтары бойынша ұйымдастырылған ойын іс-әрекет кестесі, күн тәртібі, перспективтік жұмыс жоспары, циклограмма жаңа бағдарламаға сәйкес құрылсын.

Жауапты: Ж.Конакбаева
Педагогтер
Мерзімі: қыркүйек

5. 2024-2025 оқу жылына балабақшаның аттестаттау комиссиясы құрамы қарастырылып және бекітілсін.

Жауапты: Ж.Конакбаева
Мерзімі: қыркүйек

Төрайымы:

Хатшы:



Ж.Конакбаева

А.Тұяқбай